



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

## • 6B04102-Менеджмент

### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметін талдау, стратегиялық және тактикалық жоспарларды әзірлеу дағдыларына ие, ұйымдастырушылық-басқарушылық, ақпараттық-талдау, кәсіпкерлік қызмет саласында кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті менеджмент саласындағы бакалаврды дайындау

### КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

Кәсіпкерлік қызметпен байланысты ұйымдастыру және басқару, сондай-ақ коммерциялық қызмет, мемлекеттік реттеу

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН1** - ситуациялық және практикалық мәселелерді шешуде экономикалық теория білімін қолдана отырып, кәсіби функцияларды жүзеге асырумен байланысты мақсаттар қояды және міндеттерді тұжырымдайды, басқару саласындағы мәселелерді зерттеуге жүйелі көзқарас дағдыларына ие;

**ОН2** - кәсіби қызметте басқарудың теориялық, әдіснамалық және практикалық негіздері туралы білімді пайдаланады;

**ОН3**-әлеуметтік-экономикалық процестер мен құбылыстарға талдау жүргізеді және осы негізде кәсіби және ғылыми-зерттеу қызметінің міндеттерін шешеді;

**ОН4**-ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау кезінде әртүрлі талаптар (құны, сапасы, қауіпсіздігі және орындау мерзімі) арасында ымыраны табады және басқару саласында оңтайлы шешімдер қабылдайды;

**ОН5**-ақпаратты, қойылған мақсаттарды және оған қол жеткізу жолдарын таңдауды талдайды және қорытындылайды;

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН6**-түлектердің дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді, жұмыстар мен қызметтерді өндіру бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлейді;

**ОН7** - шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мемлекеттік субъектілердің қаржы-экономикалық қызмет нәтижелерінің есеп айырысу-талдау жұмысын орындайды;

**ОН8**-экономистің практикалық қызметінде, басқарушылық шешімдерді қабылдай отырып қатысты салалардағы мамандармен жұмыс жасауда икемділік пен психологиялық дайындықты көрсетеді, сондай-ақ орындаушылардың жұмысын ұйымдастырады;

**ОН9**-ақпаратты экономикалық талдаудың негізгі және арнайы әдістерін қолданады

**ОН10**-мәліметтер базасын құру үшін ақпаратты жинақтайды және жүйелейді, басқару жүйелерін талдау және моделдеу (үлгілеу) бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарына иелік етеді